

шабыты, айналасындағылармен байланысының тиімділігін, жасқаншақтықтық, қорқақтық пен именгіштігін. Осы көрсеткіштер иелері терапияға беріліп кетеді, ал бұл көрсеткіштері дамымағандардың ойын әрекеттері бұзылған болады да олардың дамуында мешеулік орын алуы мүмкін. Сондықтан ертегінің түзету-дамытушылық функциясы күшті деп айтуға болады [5;42].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Едигенова А.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының халық ертегілеріне танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Автореферат Алматы 2004.
2. Шевандрин Н.И. Основы психологической диагностики 1, 2, 3, том М.,2003.
3. Эльконин Д.Б. Детская психология М., 1990
4. Гудкина Н.И. Несколько случаев из практики школьного психолога М., 1991.
5. Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі А., 1987

ТІЛ МАМАНДЫҒЫНА ДЕГЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Айтжанова Б., Уали Ә.І.,
Арқалық қ., Б.Алтынсарин ат.
Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты*

Егеменді Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жетістіктері, халықаралық қарым-қатынасының кеңеюі экономиканың қай саласында болсын жұмыс пен қызметті ұйымдастыруды әлемдік талаптармен үйлестіруді қажет етеді. Елімізде жұмыс істейтін көптеген шетелдік және отандық компаниялар экономикалық, сауда және мәдени қатынастарының ұлғаюы салдарынан шетел және қазақ тілдерін еркін меңгеріп, әлемдік стандарттарға сай қызмет көрсете алатын мамандарды қарастырады. Бұл кең етек алып келе жатқан еңбек нарығындағы құбылыстың бір көрінісі. Бұл үздіксіз процесс, оны тоқтату мүмкін емес. Сондықтан білім саласын қоғамның осы ерекшеліктеріне қарай бейімдеу қажеттігі туындап отыр.

Бұл мәселе жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Л.Н.Гумелев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде оқыған «Инновациялар мен оқу білімді жетілдіру арқылы білім экономикасы» дәрісінде ерекше айтылып өткен[1].Қазіргі ағарту саласының алдында тұрған негізгі мақсат – білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қоғамның жаңа талаптарына сәйкес келетін білімді, кәсіби біліктілігі жоғары жастарды тәрбиелеуге қол жеткізетін сапалы, бәсекеге қабілетті білім ордаларын қалыптастыру[2].Осы мақсатқа қол жеткізудің бір жолы әлемнің алдыңғы елдерінде қалыптасқан білім берудің мол тәжірибесін зерттеу арқылы ұтымды жақтарын алу болды. Елімізде және шетел педагогикасында мамандардың кәсіби дайындығын зерттеу мәселесі жағынан бірқатар тәжірибиелер жиналған.

Зерттеулер кәсіби білім, саяси-қоғамдық және психологиялық-педагогикалық білім саласында кеңінен өріс алған. Әсіресе болашақ мамандарды ғылыми теория және іс-тәжірибе бағытында дайындауға зерттеулер педагогика ғылымдары жүйесінің әр саласында жүргізілді. Атап айтқанда: кәсіптік білім мазмұны мен технологиясы жөнінде В.С.Леднев, Қ.М.Арынғазин, Б.А.Әбдікаримов, А.Ш.Абдраман, Б.А.Альмухамбетов, С.А.Абдыманапов, Б.З.Баталханов, В.В.Егоров, Н.А.Завалко, Ж.Ж.Наурызбай, Г.К.Нұрғалиева, Б.К.Момынбаев, М.С.Молдабекова, А.П.Сейтешев, Н.Н.Хан және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерін айтуға болады.

Кәсіби бағыттылықты дамытудың маңызды міндеті - жастарды әр кәсіптің ерекшелігімен, олардың мазмұны туралы толық біліммен қаруландыру, әрбір кәсіптің олардың жеке қасиеттеріне қоятын талаптарын таныстырумен қатар, таңдап алған кәсібіне деген терең қызығушылығын ояту, маңыздылығын сезіндіру, оның қоғамдық өмірдегі әлеуметтік беделін түсіндіру болып табылады. Әсіресе мектеп оқушыларының болашақ кәсібіне байланысты мәселелерді шешу барысындағы олардың шығармашылық ой қабілеттерінің маңызы ерекше. Бастапқы кезеңде бірқатар оқушылар таңдап отырған өз мамандықтары бойынша жұмыс істеуді жоспарламайды, сондықтан, олардың оқуға жағымды көзқарасын тудыру арқылы болашақ кәсібіне қызығушылығын қалыптастыру қажет. Кәсіби бағыттылық – бұл философ, психолог, педагогтардың тұлға іс- әрекеті тұрғысын қарайтын күрделі интегральдық өзіндік білім [3]. Біз зерттеуімізде колледж оқушыларының кәсіби бағыттылығының қалыптасу деңгейлерін анықтау үшін «кәсіби бағыттылық» және онымен тығыз байланыстағы іс-әрекет немесе қызмет, кәсіби қызмет, тұлғалық кәсіби даму, тұлғаның бағыттылығы ұғымдарының мағына-мазмұндарына назар аудардық.

Біз А.К. Маркованың пікірін негізге алып, зерттеуімізде кәсіптік іс- әрекетті маманның өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне орай таңдап алған кәсібін меңгеруі, кәсібінің алдында тұрған міндеттерді, оның қоятын талаптарын меңгеруі, өзін маман ретінде қалыптастырып сезінуі, кәсіби саласына өз үлесін қосуы, мамандығын жетілдіру арқылы өз тұлғасын дамытуы деп түсінеміз. А.И.Кочетов көрсеткен бағыттылықтың даму сатыларын зерттеулеріміз арқылы жалпы жоспар бойынша мына түрде көрсетуге болатынын анықтадық: а) тұрақты және өзекті қажеттілік ретінде қызығудың болуы; б) іс-әрекетте жүзеге асырылатын бейімділіктің және тұрақты қызығудың қалыптасуы; в) кешенді және тұрақты қызығу мен әуестіктің мінез-құлықтың басты мотивтері болып, мақсатқа көзделуі; г) бағыттылықтың қалыптасуы тұлғаның басты қасиеттерінің мақсатқа көзделген байланысы ретінде болуы. Қазіргі таңдағы кәсіптік орта оқу орындарында кредиттік оқыту жұмысын ұйымдастырудағы басты міндеттердің біріне колледж оқушыларының өзіндік жұмыстарының ролі мен тиімділігін арттыру және оның кәсіби бағыттылықты дамытуға көзделуі жатады.

Өзіндік жұмыстарда оқытушылар мен оқушылар арасында субъект- субъектік қатынастардың дамуы - оқушылардың «өздерін өздері басқару тәртібіне» көшуін, яғни оқу іс-әрекетінің барлық кезеңдеріне олардың белсенді қатысуы үшінші деңгейдегі басқару деп анықталады. Өзін өзі басқаруды адам факторының өзін өзі ұйымдастыра білу қабілеті деп қарап, оны оқу іс-әрекетінде қолдансақ, онда одан мынандай қызметтердің бөлініп шығатынын көреміз. Олар өзара бір-бірімен байланысты бір мақсатқа көзделген мотивтер жүйесі, өз жұмысын өзі жоспарлау, өзін-өзі ұйымдастыру (өз қызметін ұйымдастыру), өзін-өзі қадағалау және өзін-өзі бағалау, өзін-өзі түзету. Мамандық таңдау – тұлғаның тұрмыстық әл-ауқатының және тұлғаның, қоғамның рухани байлығының көзі болып табылатын еңбек іс-әрекетінің белгілі бір түрін таңдау. Кәсіби өзін-өзі анықтау «Кім боламын?» және «Не істеу керек?» сұрақтарына жауап беру ғана емес, сонымен қатар өз қабілеттеріне өзіндік баға беру [4]. Сондықтан өзінің күші мен қабілетін жүзеге асыратын кәсіпті табу жастар үшін күрделі, өйткені кәсібіне қанағаттанбаушылық кейін тұлғаның кәсібіне бейімделу процесіне жағымсыз көзқарастың пайда болуына әкеледі.

Оқу орнының қабырғасында оқушыларды кәсіпке бағыттау маман тұлғасын қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы қоғамның экономикалық даму жағдайларына тез бейімделіп, еңбек нарығында өз орындарын тауып, өз іс-әрекеттерінен тұрмыстық және рухани қанағат алатын, өз қабілеттерін орынды пайдаланып және шығармашылық күштерін дамытуға белсене ат салысатын озық ойлы, елжанды мамандарды дайындау қажетті деп есептелінеді. Осыған байланысты біздің модель құрудағы мақсатымыз – жастардың мамандыққа деген арнайы және экономикалық дайындықтарын жетілдіру (1 кесте).

Тіл мамандығына жастардың кәсіби бағыттылығын дамыту моделінің негізіне И.Д.Багаеваның педагогикалық іс-әрекет кәсібі тұжырымдамасы және Г.Қ.Нұрғалиеваның

тұлғаның тұрақты құндылықтары бағдарының жалпы моделін алдық. Тұлғаның тұрақты құндылықтары бағдарын дамытудың жүйесін құраушы фактор ретінде Г.Қ.Нұрғалиева ғылым салаларын біріктіру (М.С.Анисимов, А.Тұрсынов), жалпы және кәсіби білімді біріктіру (М.Н.Берулава) тұжырымдарына сүйене отырып, іс-әрекеттердің біріктірілуі ретінде қолданылады[5].

Зерттеушілер ретінде іс-әрекеттердің біріктірілуі іс-әрекеттің сапалы жаңа күйі деп түсінеміз. Ол өзара байланыстағы ұсақ-түйектердің бір бүтінге бірігуімен сипатталады, сонымен қатар, іс-әрекеттің және оның құрамындағы бөліктердің негізгі сипаттамаларын сақтайды және де бұл тұлғаның парасатының өсуі, мотивациясының артуы, мінез-құлық жақтарының белсенді бірлігінің өзара байланыс нәтижесі және бұл процесс. Адам психикасының ішкі құрылымының қалыптасуына немесе интериоризация процесіне лайықты шынайы жағдайлар, яғни сыртқы ойдың тұлғаның ішкі ойына көшуі –іс-әрекеттің әр түрінің өзара байланысы кезінде пайда болады. Г.Қ.Нұрғалиева іс-әрекеттің болжау, тану-білу, туындау, бірлесу және бағалау түрлерін тұлғаның құндылықтар бағдарының негізіне жатқызады. И.Д.Багаева да педагогикалық іс-әрекеттің кәсіби тұжырымдамасында біріктіруге көңіл бөледі: кәсіби бағыттылық бұл іс-әрекетте қалыптасатын тұлғаның интегральдық қасиеті, өзіндік ерекшелігі, бұл іс-әрекет процесі және нәтижесі. Біздің пікірімізше, іс-әрекеттік кәсіп тұлғаның және іс-әрекеттің мазмұнымен сипатталады. Сөйтіп, педагогикалық іс-әрекеттің кәсіптік құрылымы үш компоненттерден тұрады. Олар: *кәсіби білім, құрылым бойынша танымдық іс-әрекет; кәсіби қарым қатынас жасау, құрылым бойынша сөйлеу іс-әрекеті; және кәсіби өзін-өзі жетілдіру, құрылым бойынша бағалау және шығармашылық іс-әрекеттерінің бірігуі.*

Тіл мамандығына жастардың кәсіби бағыттылығын дамыту моделінің жүйелі құрама компоненттері бір жағынан тұлғаның негізгі жақтарын, яғни психологиялық құрылымын көрсетсе, екінші жағынан кәсіби қызметінің мақсатын жүзеге асыру жолында жұмсалатын күші мен қолданатын әдістерін білдіретін тұлғаның белсенділігін көрсететін мазмұнды сипаттамасын құрайды. Зерттеу мақсаты - тұлғаның белсенділігінің мазмұнды сипаттамасын (көлденең жазықтық) адам іс-әрекетінің әрбір бағытының ерекше алатын орнын және басқаларымен ерекше түрде өзара байланысын көрсететін психологиялық сипаттама құрылымына (тік жазықтық) кіргізу. Модельдің ерекшелігі оның әр саласының жеңілден күрделіге өзгергенін көру, мұның өзі, біздің ойымыз бойынша, болашақ маманның мінез-құлқын реттеу факторларына терең талдау жасауымызға мүмкіндік береді.

Оқытушылар мен болашақ маманның оқудағы өзара әрекеттері арасында жағымды көңіл күй тудыратын және өзін-өзі түзетуді іс жүзінде меңгеруге дайындық ретінде психологиялық - педагогикалық тренингтер жүргізілді. Оқытушылар мен оқушылар кәсіби бағыттылықты дамыту процесін ұйымдастыру жөніндегі педагогикалық жаттықтыру сабақтарына, осы процесті үлгілеуге арналған іс-әрекеттік ойындарға қатысты. Осы жұмыс нәтижесінде оқытушылардың қызығушылығы мен шығармашылығы арта түсті, оның өзі кәсіби бағыттылығы әр деңгейдегі жастарға ерекше көңіл бөліп, жеке тұрғыдан қарауға себебін тигізді.

Сонымен бірге жастардың кәсіби бағыттылығы әр түрлі деңгейде дамуы оқу мекемесінің басшылығы, оқытушылар және оқушылар жағынан бірыңғай түсінушіліктің болуы, бірге әрекет жасау және болашақ маманның хабардар болуы үшін, оларды анықтау эксперимент нәтижелерімен және тапсырмалармен таныстыру ескерілуі қажет.

Тіл мамандығына жастардың кәсіби бағыттылығын дамыту үшін олардың белсенді түрде өзіндік танымын арттыруға жасалатын әрекеттер және қарым-қатынастар болуына, өздерін қанағаттандыруға, оқушылардың әр түрлі деңгейдегі қалыптасқан бейімділіктері мен қызығушылықтарын көрсетуге арналған көптеген мүмкіндіктер жасауды мақсат тұтады. Болашақ кәсіби қызметке дайындық және педагогикалық әдіс қағида ретінде жастардың дұрыс нәтижелерге жеткенін көрсететін және жаңа білім көздерін табуға ынталандыратын, кәсіби тапсырмалардың шешімдерін өз беттерімен іздеуге ұмтылдыратын мәселелік жұмыс түрлері ұйымдастырылуы қажет[6].

Оқытушыларды «оқыту әдісін өздері таңдау еркіндігін» өз жұмыстарында ұйымдастыруды қолдануға шақыру керек. Бұл жұмыс барысында артық нұсқаулардан бас тартуға, оқушылардың жеке бейімділіктері мен қызығуларын есепке ала отырып, өз жұмыстарын өздері ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Бұның өзі оқытушылар мен оқушылар арасында өзара жағымды қарым-қатынастың орнауына, өзіндік және шығармашылық әрекеттер жасауға рухани көмек көрсетіп, олардың қол жеткен жетістіктерін мақтауға әсерін тигізді.

Қалыптасқан негізгі талаптар бойынша зерттелетін нысанаға - тіл мамандығына оқушылардың кәсіби бағыттылығын дамыту мәселесіне зерттеулер жүргізіп, осы процестің диагностикалық моделін тексеруде эксперименттік жұмыстың ұйымдастырылу қағидасын ескеріп, тіл мамандығына болашақ маманның кәсіби бағыттылығын дамытуды жүзеге асыру әдістемесін анықтадық(1сурет). Біздің әдістемеді екі тең субъект көрсетілген: оқытушылар және оқушылар, олардың ара қатынастары өзара құрметтеу, серіктік, ынтымақтастықта құрылатын болады. Біздің әдістемеді оқытудың мазмұнына, нысанына және әдісіне, оның кәсіби бағыттылықты дамытудың мәнін түсінуге маңызды орын беріледі. Біздің ойымызша, әлеуметтік– гуманитарлық, ғылыми жаратылыс тану және тіл пәндерінің барлықтары кешенді түрде осыған бағытталулары тиіс.

1-сурет. Оқушылардың кәсіби бағыттылығын дамыту әдістемесі



Зерттеу жұмысының бірден бір міндеті–тіл мамандығын меңгеремін деген оқушының кәсіби бағыттылығының дамуына себепші болатын педагогикалық шарттарды айқындау еді. Кәсіби бағыттылықты дамыту процесінің табыстылығына әсер ететін педагогикалық шарттарға: тілдік кәсіптің маңыздылығын, оның әлеуметтік беделдігін, оның жеке тұлғаларға қоятын талаптарын жете түсіну; кәсіби нарық инфрақұрылымының өзгеруіне, дайындаудың мазмұны мен нысанына бейімделу; оқушының оқу орнында өзіндік оқу траекториясын жүзеге асыру; оқушының кәсіби өз тағдырын өзі шешу процесіндегі белсенділігі.

Айта кететін бір жай, бұл шарттардың орындалуына мектептегі тілдік оқыту жүйесі көптеген мүмкіндіктер жасайды.

Құрастырылған кәсіби бағыттылықты дамыту моделі негізінде кәсіби бағыттылықтың құрама бөліктерін, көрсеткіштерін және белгілерін көрсету - оның даму деңгейіне диагностика және өзіндік диагностика жүргізуге мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Л.Н.Гумелев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде оқыған дәрісі: «Инновациялар мен оқу білімді жетілдіру арқылы білім экономикасы», Астана., 2006 ж.
2. «Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту» бағдарламасы.
3. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Тараз., 2003 ж.
4. Беспалько В.Л. Слагаемые педагогические технологии., Москва. Просвещение. 1989 г.
5. Жұмабекова Ф.Н. Инновациялық педагогикалық технологияларды білім беру мазмұны сабақтастығын қалыптастыруда пайдалану // Білім. №2-2006, 44-46 б.
6. Ихсанова Б.К. Оқыту жүйесінде тіл маманы студенттерінің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері. // Менеджмент в образовании №3., 2007, 57-59 б.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАНЫҢ ЖАҢА ҚОҒАМДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Асанова А.Ж.,
Б.Алтынсарин ат.
Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институтының
Педагогика және психология
мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы,
доцент Ахметова П.А.*

Бүгінгі таңда еліміздің келеңсіз жағдайларының бірі - қоғамның ең бір әлсіз қорғалған мүшелерінің, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірін лайықты қамтамасыз ету, оларға сапалы білім беруді ұйымдастыру болып отыр.

Мүмкіндігі шектеулі балалар дегеніміз - ол 0-18 жасқа дейін дене және (әлде) психикалық нәсілді, жүре және өмір жағдаяттарымен пайда болған кемістігі бар, арнайы оқу тәрбиені талап ететін, өмірлік іс-әрекетке мүмкіндігі аз шектеулілер балалар [1].

Осындай балалардың саны күн санап артуда. ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім департаментінің статистикасы бойынша, 2005 жылы шамамен мүмкіндігі шектелген балалар саны 124 мыңды құраса, 2011 жылы 149 мыңнан асты. 2012 жылғы мәлімет бойынша, 151216 бала белгілі болды [2].